

**ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕРДІҢ РЕЛЕВАНТТЫҚ БЕЛГІЛЕРІ ЖӘНЕ АУДАРМАДА  
БЕРІЛУІ (С. ЕЛУБАЙДЫҢ «АҚ БОЗ ҮЙ» РОМАНЫ НЕГІЗІНДЕ)**

**Кемелбекова Асел Жаркинбековна**

[Assell1990@mail.ru](mailto:Assell1990@mail.ru)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты Қазақстан, Нұр-Сұлтан  
Ғылыми жетекші – Сәтенова С.К.

Көркем шығармалардағы фразеологиялық бірліктерді (бұдан әрі – ФБ) немесе фразеологизмдерді кешенді түрде зерттеу – оқылатын тіл елінің мәдениеті мен сол тілді тұтынатын халықтың дүниетанымын танып-білудің тиімді жолдарының бірі. Көркем әдебиетте қолданылған фразеологиялық бірліктердің бір тобы негізгі мағынасымен қатар қосалқы мағынаға ие болып келеді. Сондай-ақ олардың белгілі бір елдің тарихымен, мәдениетімен, дүниетанымымен ұштасып жататыны белгілі. Тұлғасы, құрамы тұрақты, көбіне бейнелі сипатқа ие фразеологизмдер белгілі бір елдің мәдениетінің тілдегі көрсеткіші іспеттес. Ал енді осындай мәні зор тұрақты бірліктердің тілдік табиғатын айқындау, аудармада берілуін арнайы зерттеу, аударма сапасын анықтау, астарлы қосалқы мәнінің өзге тілге дұрыс жеткізілуін айқын қадағалау өте маңызды. Бұлар мақала тақырыбының өзектілігін айқындайды. Сондай-ақ олардың шығармада көп не аздау қолданылуы автордың идиостилинің негізгі сипаттамаларының бірі. Зерттеу барысында фразеологиялық бірліктерді бір тілден екінші тілге аударудың белгілі бір қиындықтарды тудыратындығы анықталды. Оның себебін фразеологиялық бірліктердің басым көпшілігінің аллегориялық, афористік, экспрессивті сипатқа ие және бейнелі болуымен байланыстырамыз. Аударма барысында фразеологиялық бірліктің жалпы мағынасын беріп қана қоймай, мүмкіндігінше оның экспрессивтілігін де сақтау қажет.

Ал енді фразеологизмдердің аудармада берілуін қарастырмас бұрын олардың релеванттық белгілеріне тоқталып өтейік. Ағылшын фразеологизмдерін зерттеуге ауқымды үлес қосқан А.В. Кунин оларды лингвистикалық зерттеу нысаны ретінде белгілей отырып,

«Фразеологиялық бірліктер – толық немесе жартылай бейнелі мағынамен сипатталатын тұрақты тіркес», - деген анықтама берді. [2, б. 187]. Куниннің пікірінше, тұрақтылық фразеологиялық бірліктердің негізгі белгілерінің бірі болып табылады. Олардың тұрақтылығын И.В. Арнольд, І. Кеңесбаев, Ә. Қайдар және басқа да танымал ғалымдар атап өтеді [3, б. 152]. І. Кеңесбаев «Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі» еңбегінде «Тілдің өзіне тән ұлттық көрінісі оның тұрақты сөз тіркестерінен анық көрінеді», - деп жазады [1, 589].

Д.Э. Розенталь фразеологиялық бірліктерге тән кейбір мынадай белгілерді бөліп көрсетті: «1. Композицияның күрделілігі; 2. Фразеологиялық бірліктердің мағыналық бөлінбейтіндігі; 3. ФБ құрамының тұрақтылығы; 4. Болжау мүмкіндігі; 5. Грамматикалық форманың тұрақтылығы; 6. Тұрақты сөз тәртібі» [5, б. 98].

А.И. Смирницкий былай пікір қосады, «фразеологиялық бірліктер – фразеологиялық бірліктердің грамматикалық тұжырымдалуына қарамастан, өзінің бөліктері арасындағы идиоматикалық сипатына байланысты бір бүтін сөзге ассимиляцияланатын, стилистикалық бейтарап тіркестер. Сондай-ақ фразеологиялық бірліктердің элементтері күрделі сөздің құрамдас бөліктері ретінде бір-бірімен байланысатынын, жалпы алғанда фразеологиялық бірлік сөздің жеке түрі емес, лексема ретіндегі сөзге ұқсас екенін айта кеткен жөн» [6, б. 121].

Көптеген отандық және шетелдік ғалымдардың анықтамаларын қарастыра келе, біз бұл жұмыста мынадай жалпылама негізге сүйенеміз: фразеологиялық бірліктер – тілде экспрессивтік қызмет атқаратын мағынасы, тұлғасы тұрақты, бөлінбейтін тіркестер.

Ағылшын тіліндегі аударылып үлкен басылыммен жарық көрген шығармасына деген қызығушылықтың жалғасуына қарамастан, жазушы шығармашылығындағы фразеологиялық бірліктердің қолданылуы әлі де аз зерттелген. С. Елубайдың «Ақ боз үй» романындағы фразеологиялық бірліктердің ағылшын тіліне ауысу жолдарын қарастыру бізге өзекті болып көрінеді.

Я.И.Рецкер фразеологиялық бірліктерді аудару мәселесін талдай келе, аудармашы фразеологиялық бірліктердің әр түрлі мағыналарын қарастырып, олардың эмоционалдық-экспрессивтік қызметтерін жеткізе білуі, сондай-ақ теорияның негізгі сұрақтарынан бастау керек дейді [8, б. 145]. Зерттеу барысында түпнұсқадағы қабылдаушы мәдениетте жоқ немесе белгісіз кейбір құбылыстардың атаулары аудармада белгілі бір қиындықтар туғызатындығы анықталды.

Қазіргі тіл мамандарының көпшілігі фразеологиялық бірліктерді аударудың негізгі тәсілдерін анықтайды: фразеологиялық эквивалент; калькалау; сипаттау әдісі [9, б. 41].

Осы тұжырымдарға сәйкес бірнеше мысалдар қарастырсақ.

1) Фразеологиялық эквивалент (ФЭ) әдетте мағынасы жағынан да, стилистикалық жағынан да бастапқы нұсқаға сәйкес келеді. Фразеологиялық эквиваленттілікті С. Влахов пен С. Флорин былай жіктейді: толық фразеологиялық эквивалент, жартылай фразеологиялық эквивалент, қатыстық фразеологиялық эквивалент және фразеологиялық аналогия.

1 Толық фразеологиялық эквивалентте фразеологиялық бірлік түпнұсқа мәтіндегі денотатты, коннотатты мағынада болады. 2 Жартылай фразеологиялық эквивалентте фразеологиялық бірліктің бірнеше варианты ұшырасады.

3 Қатыстық фразеологиялық эквивалент. Семантикалық тұрғыдан сәйкес келгенімен, синтаксистік құрамы, синонимдік компоненттері, морфологиялық құрылысы жағынан өзгешелеу болып келеді.

Мысалы:

Кесте-1

Түпнұсқа	Аударма
Жалғыз Әзбергеннің ғана көзі ілінбеді[8; 5].	Azbergen lay without blinking an eye. He was Pakhraddin's youngest brother.

*Көзі ілінбеу* фразеологиялық бірлігі *to lay without blinking an eye* фразеологиялық бірлігіне мағынасы жағынан түпнұсқа мәтіннің мағынасына сәйкес келетін адекватты аударма. Тұрақты эквиваленттілік сәйкестікке ие. Демек контексте тәуелді емес толық эквивалентті фразеологизмге жатқызуымызға болады.

Фразеологиялық аналог (ФА) – мүлде басқа бейнеге негізделген мағынасы жақын фразеологиялық бірлік. Мысалы:

Кесте-2

Түпнұсқа	Аударма
... Сен... сен сабыр етерсің-ау!.. Мен бейбақ... Бүкіл елге... — Балқия қыстығып, көзінің жасын төкті. Бүгіле берген Балқияны Бұлыштың қарулы қолы көтеріп алды қос қолтықтан[8; 61].	“You...you are patient...but I’m...unhappy...and before the entire aul...” Balkiya convulsed with sobs. She would have fallen, her legs giving way beneath her, if it were not for the strong arms of Bulysh catching her in time.

Мұнда *convulsed with sobs* тұрақты сөз тіркесі мағынасы жағынан түпнұсқа бірлікпен астарлы негізде сәйкес келетін *көзінің жасын төкті* – жылау, жабығу, яғни көзінің жасын төгу тұрақты сөз тіркесімен байланыстырылады. Аударма бірліктің мағынасы түпнұсқа бірлікпен сәйкес келгенімен бейнелік жағынан ішінара ерекшеленіп тұр.

Кесте-3

Түпнұсқа		Аударма
Ауызын ашса іштегі ашу-ыза лақ ететін түрі бар. Ақыры шыдамады, <i>талағы тарс айрылды</i> : — Сенсің, — деді дүңк етіп. — Сен		He knew that if he opened his mouth, the anger that was suffocating him now would burst out. Finally, no longer able to hold back, <i>he let out a</i>

*Талағы тарс айрылу* фразеологизмі *to let out a muffled growl* тіркесіне мағынасы жақын фразеологиялық бірлік.

Аудармашы баламаларға қарағанда аналогтарды аса сақтықпен қолдануы керек, өйткені мүлдем басқа образға құрылғандықтан, оларда басқа тілдің фразеологиялық айналымына тән емес мағыналық реңктер жиі кездеседі.

Аналогтарды пайдалана отырып, олардың кейбір ерекшеліктеріне назар аудару керек: семантикалық жағынан ұқсас фразеологиялық бірліктер әртүрлі эмоционалдық коннотацияға ие болуы мүмкін, ал кейбір фразеологиялық бірліктер басқа елдің ұлттық бояуымен алмастырылмайтын ашық ұлттық бояуға ие болады.

Кальканы пайдаланған кезде екі талап орындалуы керек: фразеологиялық бірліктердің образдылығы оқырманға еркін қабылдануы, оқылатын тілдің барлық нормалары сақталуы қажет. Шығарма тілінде соматикалық атаулар негізінде жасалған сөзбе-сөз аударылған фразеологизмдер де кездеседі. Мысалы, көзге қатысты.

Кесте-4

Түпнұсқа	Аударма
Пахраддин сәл ығысып бұған <i>көз қиығынтастады</i> [8; 5].	He got up and went to his brother. He coughed and spit. Pakhraddin, <i>looking askance at him</i> , stepped aside slightly.

*Көз қиығын тастады* – көзінің ұшымен қарады, қарап қойды *looking askance at him* деп тікелей аударылады. Аудармадағы *looking askance at him* фразеологиялық бірлігіндегі *askance* сөзі қазақ тіліндегі *қиығымен* сөзімен аударылған, яғни *көз қиығын тастау* идиомасына сәйкес келеді. Дегенмен *to look askance at (somebody/something)* фразеологизмінде «күдікпен жақтырмай қарау» деген мағыналық реңк басым.

Шығармадағы қарапайым сөйлеу тіліндегі аударылмай қалған фразеологизмдер көрінісі мынадай:

Кесте-5

Түпнұсқа	Аударма

— Сағындың ба? — деді Балқиясыбырлап. Дауысы балдай тәтті. Бұлыш...	And then I heard the bed creaking. I pressed my ear to the wall! She asked him in
— Сағынбасам келем бе? — деді күңгірлеп. — <i>Ішің кепсін</i> , өтірік... Қолыңды кім байлап жүр... Шын сағынсаң... — Жә, қойшы. — Әнеки, саған тек...[8; 14].	a whisper if he missed her, and her voice was devilishly sweet, like honey.

*Ішің кепкір* - ( қарғыс) – «мес болғыр, қаталап қалғыр» деген мағынада қолданылады. Ағылшын тіліндегі нұсқада *ішің кепкір* фразеологизмі аударылмай қалған. Диалогпен берілген сөйлем төлеу сөзге айналып, яғни кейіпкердің сағынғаны, сыбырлап сөйлеп, даусының тәтті екені жалпылама берілген.

Қорытынды. Фразеологиялық бірліктердің аударма мәселесі барлық уақытта олардың көп мағыналылығы, омонимдігі, контекстік-семантикалық ерекшеліктерімен, сонымен қатар авторлық түрлендірулерімен аударма теориясының өзекті мәселелерінің бірі болды. Жұмыста фразеологиялық бірліктерге берілген бірқатар анықтамалар қарастырылды, олардың қазақ тілінен ағылшын тілінде берілу жолдары, фразеологиялық бірліктердің аудармадағы ерекшеліктері С. Елубайдың «Ақ боз үй» романында қолданылған тілдік бірліктер негізінде талданды.

Зерттеу барысында фразеологиялық бірліктерді аудару тәсілін таңдау аударма тілге, контекске, стильдік, эмоционалдық бояуға, ұлттық бояуға, аударма тіліндегі ұқсас фразеологиялық бірліктердің болуына, т.б. байланысты екеніне көз жеткіздік. Бірқатар фразеологиялық бірліктердің аударма тілінде тұрақты сәйкестіктері болуы мүмкін, сондықтан жоғары білікті аудармашының сөздік қорында аналогтар немесе баламаларының жеткілікті саны болуы керек.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Виноградов В. В. Об основных типах фразеологических единиц в русском языке- ке // Виноградов В. В. Лексикология и лексикография. Избранные труды. М. : Наука, 1977. 161 с.
2. Кунин А. В. Курс фразеологии современного английского языка. Дубна : Феникс+, 2005. 488 с.
3. Арнольд И. В. Стилистика современного английского языка. М. : Просвещение, 1990. 300 с.
4. Шанский Н.М. Лексикология современного русского языка. М. : Просвещение, 1964. 310 с.
5. Розенталь Д. Э. Современный русский язык. М. : Айрис-пресс, 2002. 448 с.
6. Смирницкий А. И. Лексикология английского языка. М. : Изд-во лит-ры на иностр. языках., 1956. 269 с
7. С. Елубай «Ақ боз үй», Алматы, 2011.— 376 бет. “ Қазақтың 100 романы”

УДК 82-311

#### ОПИСАНИЕ ОБРАЗА ЭЛИЗАБЕТ БЕННЕТ В РОМАНЕ ДЖЕЙН ОСТИН «ГОРДОСТЬ И ПРЕДУБЕЖДЕНИЕ»: ОСОБЕННОСТИ ПЕРЕВОДА

Кенжегалиева Молдир Мэлскызы